

1918-1920 ЖЖ. РЕСЕЙДЕГІ АЗАМАТ СОҒЫСЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ БОЛЬШЕВИКТЕР ҮКІМЕТІНІҢ ТЕРІСКЕЙ КАВКАЗ, ЕДІЛ БОЙЫ ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ САЯСАТЫ

Адамбек Б.К., т.ғ.к. профессор
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
Қарағанды қ.

17 жылғы Қазан төңкерісінен кейін большевиктер билікке келсімен, оларға қарсы бағытталған «ақтар қозғалысы» қарулы күрес бастап, Ресейде азамат соғысының оқиғалары орын алды. Жаңа Кеңес өкіметі орнап жатқан кезде көпұлтты Ресейде ыдырау үрдістері басталды, соған байланысты Финляндия, Польша, Әзербайжан, Армения, Грузия, Эстония, Латвия және Литва өздерінің тәуелсіздіктерін жариялады[1,с.437]. Сонымен қатар, Украинада Орталық Рада[2,с.76], Қазақстанда «Алаш-Орда»[3,с.83], Түркістанда Қоқан автономиясының үкіметтері құрылды. Олар жергілікті халықтардың мүддесін қорғайтын саяси күштер болды.

Бірақ, Қазан төңкерісіне дейін Ресейді «халықтар түрмесі» деп олардың бостандығын жақтаған В.Ленин, И.Сталин және тағы басқа большевиктердің көсемдері өздері билікке келгеннен кейін, «ұлы державалық», «неоимпериялық» пиғылдарын анық көрсете бастады. Осыған байланысты, олар ұлттық аймақтарда өздерінің кеңестендіру саясатын жүргізіп, оларды тағы да бір орталыққа Мәскеуге бағындыру саясатын іске асыруды қолға алды. Осындай саясат азамат соғысы кезінде Теріскей Кавказ, Еділ бойы және Орта Азия территорияларында белсенді жүргізілді, осыған байланысты «Ресей халықтарының бостандығы» деген ұғымды большевиктер өздерінің практикалық жұмысынан алып тастады.

Азамат соғысы басталсымен большевиктер үкіметі күресті өздерінің саяси оппозициясына, ақгвардияшыларға, шетел интервенттеріне және ұлттық аймақтардағы жергілікті халықтардың саяси күштеріне қарсы жүргізді. Осыған байланысты, мақалада Кеңес үкіметінің Теріскей Кавказ, Орта Азия және Еділ бойында жүргізген саясатына тоқталуды жөн көрдік.

Аталған аймақтарда большевиктер өздерінің саясатын жергілікті партия ұйымдарына, Кеңестерге, әртүрлі құрылған революциялық комитеттерге және негізінен Қызыл Армияға сүйеніп жүргізді. 1919 жылы Қызыл Армия Ресейдің Оңтүстігіндегі ақгвардияшыларды талқандағаннан кейін, В.Ленин және оның сыбайластары өздерінің саясатын Теріскей Кавказдағы тәуелсіз мемлекеттер болып танылған Әзербайжан, Грузия және Арменияға қарсы бағыттады, бұл саясат әсіресе, Грузия мен Әзербайжандан ағылшын әскерлері шыққаннан кейін белсенді жүргізіле бастады. Дәл осы кезде Мәскеудің саясатын жүргізуде РКП(б) Кавказдық өлкелік комитеті белсенділік көрсетті. 1920 жылдың 13 қаңтарында бұл ұйым Теріскей Кавказ еңбекшілерін Грузиядағы меньшевиктер, Армениядағы дашнактар және Әзербайжандағы мусаватистер үкіметтеріне қарсы қарулы көтеріліске шақырды[4,с.120]. Бірнеше күннен кейін РКП(б) Өлкелік комитеті РСФСР үкіметіне және Қызыл Армия командованиясіне Теріскей Кавказда кеңес өкіметін орнату үшін көмек сұрады. Осыдан кейін Қызыл Армия большевиктер үкіметінің бұйрығына сүйеніп, Әзербайжан жеріне шабуыл бастады. Осы кезде көп орыс жұмысшылары Баку қаласындағы жергілікті коммунистер қарулы отрядтар құрып көтеріліс дайындай бастады және Қызыл Армия командованиясінен көмек көрсетуді сұрады. 28 сәуірде көтеріліс бастаған Баку коммунистеріне Қызыл Армия бөлімшелері көмекке келіп, мусаватистер үкіметін құлатты және бұл қалада Н.Нариманов басқарған уақытша революциялық комитеті құрылып, ол Әзербайжан Кеңестік Социалистік Республикасы құрылғанын жариялады және Ленинге хат жолдап, контрреволюцияға (шын мәнінде заңды үкіметке) қарсы күресте әскери көмек көрсетуді сұрады. Осыдан кейін Мәскеу үкіметінің бұйрығы бойынша 11-шы, Қызыл Армия Әзербайжан территориясына басып кіріп, бұл елде Кеңес өкіметін орнатты[5,с.25]

Осы оқиғадан кейін Кавказ коммунистері тәуелсіз тәуелсіз Армения территориясындағы Александровск (кейін Ленинакан) қаласында көтеріліс ұйымдастырып дашнактар өкіметінің жойылғаны туралы жариялады және Кеңес билігінің орнағанын мәлімдеді. Бірақ, Арменияның дашнак үкіметі бұл көтерілісті басып тастады. 1920 жылдың қараша айында жергілікті коммунистердің бастауымен Арменияда екінші көтеріліс басталып, оның басшылары буржуазиялық үкіметтің құлағанын және осы территорияда Кеңес өкіметінің орнағанын жариялады. С. Касьян бастаған әскери-революциялық комитет құрылып, ол Армян Кеңестік Социалистік Республикасының құрылғанын мәлімдеді. Соған қарамастан, елдегі билікті толық ала алмайтындығын байқаған көтерілісшілер Кеңес үкіметінен көмек сұрады, осыған байланысты 11 Қызыл Армия армян жеріне басып кіріп, дашнактар өкіметінің билігін тоқтатты, осылай Армения жерінде де Кеңес өкіметі орнады[6,с.198].

Осы сценарий бойынша оқиға меньшевиктер үкіметі басқарып отырған Грузияда да дамыды. Мәскеуден нұсқау алған грузин коммунистік ұйымдары 1920 жылдың 12 ақпанында Лоғий уезінде заңды үкіметке қарсы көтеріліс бастады және өздерінің Әскери-революциялық комитетін құрды. Бұл комитет РСФСР үкіметіне көтерілісшілерге көмек көрсету туралы телеграмма жіберді, осыдан кейін шекарада дайын тұрған атышулы 11 Қызыл Армия Грузия жеріне басып кіріп, 25 ақпанда Грузия астанасы Тифлистеги Грузияның меньшевиктік үкіметті құлатты, осыдан кейін большевиктер әскері бүкіл Грузияның территориясын басып алып, билікке грузин грузин коммунистерін отырғызды осы оқиғалар негізінде Грузин Кеңестік Социалистік Республикасы құрылып оның территориясында Мәскеуге бағынған Кеңес өкіметі орнады[7,с.165]

Орта Азия мен Қазақстанда большевиктер билігін орнату өте шиеленіскен жағдайда өтті. 1918 жылы сәуір айында коммунистер басқарған жұмысшылар Уақытша үкіметтің билігін құлатып, Ташкентте большевиктер Түркістан Кеңестік Республикасын құрды. Оның басшысы болып П.А. Кобозев сайланды. Сол жылдың қазан айында жаңа билік өзін Түркістан Автономиялық Кеңестік Социалистік Республика деп жариялады[8,с.339] Өздерінің биліктерін орнатқан большевик комиссарлар Түркістан халықтарының мүддесімен санаспай, бұрынғы патша және Уақытша үкіметтері сияқты Түркістанды Орталықтан жіберілген орыс комиссарлары арқылы басқарғысы келді және барлық мәселені шешуге большевиктер жергілікті халықтарды араластырғысы келмеді. Түркістандағы Кеңес өкіметінің ұлттық негізі болмағаннан кейін 26-29 қарашада Қоқан қаласында IV Өлкелік Мұсылмандар құрылтайы өтіп, ол бүкіл Түркістан кіретін Қоқан Автономиясын құрып, оның үкіметінің басшылары болып М.Шоқай мен М.Тынышпаев бекітілді. Өлке еңбекшілерінің басым көпшілігі осы автономияны қолдағанын большевиктер мойындамайды. Ең соңында, 1918 жылдың басында Қоқан Автономиясы большевиктер жіберген Қызыл Армияның күшімен ерекше қаталдықпен талқандалды[9,85 б.].

Кейбір деректер бойынша Қоқан автономиясын жазалау кезінде 5 мыңнан астам адам өлтіріліп, мыңдаған адам большевиктер үкіметі жағынан құғынға ұшыраған. Осының өзі большевиктердің жергілікті халыққа қалай қарап, қандай саясат жүргізгенін анық байқатады өйткені халықпен кездесіп жаңа саясатты түсіндіргенін орнына, кеңестік билік мәселені тек Қызыл Армияның күшімен шешуге бағыт алды.

Түркістан сияқты большевиктердің Қазақстандағы саясаты да күрделі жағдайда жүргізілді. Ресейдің барлық аймақтары сияқты Қазақстан қоғамы большевиктерді қолдайтын және қазақ мемлекетін жандандырғысы келетін саяси күштер болып екі топқа бөлінді. Бірінші топта большевиктердің идеяларына, уәделеріне сеніп, Кеңес өкіметін орнатуға «революциялық романтизмге» берілген: Ә.Жанғельдин, С.Сейфуллин, Т.Рысқұлов, Т.Бокин, С.Мендешев сияқты қазақтың зиялылары да болды. Қазан төңкерісінен кейін большевиктер Қазақстанда Кеңес өкіметін орнатуға кіріскен кезде 1917 жылдың 5-13 желтоқсанында Орынборда Екінші Бүкілқазақ құрылтайы өтті. Ол «Уақытша үкімет құлағаннан кейін... бүкіл мемлекетте анархия күшейіп келе жатқанын есептеп...» Қазақ жерінің Автономиясын құрды. Құрылтай осы кезде қазақ интеллигенция өкілдері құрған «Алаш» партиясының

бағдарламасы «Алаш-Орда» атты «Уақытша халық Кеңесі құрылды. Бұл шын мәнінде Қазақстанды билеуге ұмытлған ұлттық үкіметке айналды, оның төрағасы болып атақты Ә.Бөкейханов сайланды[10,85 б]. Алаш-Орда үкіметі елді басқаратын жергілікті органдар, халық милициясын, әскери бөлімшелер құра бастады. Сонымен қатар, большевиктермен және басқа саяси күштермен де келіссөздер жүргізді, бірақ олар Алаш Автономиясын мойындағысы келмеді. Ал большевиктер үкіметі қазақ жерінде Революциялық Комитет «Ревком! құрып, өзінің құпия бұйрықтарында негізінен алашордашыларға қарсы күрес жүргізіп, оларды саяси аренадан кетіру керектігін анық көрсеткені қазір белгілі болып жатыр.

Түркістан Кеңестік республикасынан басқа Орта Азияда бұрынғы патша өкіметінен протекторат ретінде қалған Хиуа және Бухар хандықтары сақталып қалған, ондағы әртүрлі күштердің Хиуа ханына қарсы шығуына ықпал етті. Бұл хандықта құрылған коммунистік ұйымдар және жергілікті буржуазиялық күштер ұйымдастырған кіші Бухар партиясы т.б саяси күштер бірігіп, 1919 жылдың күзінде Хиуа ханына қарсы көтеріліс бастады. Көтеріліс басшылары РСФСР-дан тез арада көмек көрсетуді сұрады, соның негізінде хандыққа басып кірген Қызыл Армия бөлімшелері және көтерілісшілер ұрыстар жүргізіп отырып, 1920 жылдың 1 ақпанында хандықтың астанасы Хиуа қаласын басып алды. 1920 жылдың сәуір айында I Бүкілхорезмдік құрылтай өтіп, ол Хорезм халықтық Кеңестік Республикасы құрылғаны туралы жариялады, ал Хиуа ханы Сейд Абдолла биліктен бас тартқаннан кейін Хиуа территориясында Кеңес өкіметі орнады[11,с.144].

Хиуадағы көтерілісшілердің жеңісі көрші Бухар хандығындағы оқиғаларға әсер етті. 1920 жылдың тамыз айында Чарджоуда 1918 жылы құрылған Бухар коммунистік партиясының IV Құрылтайы өтіп, оған қатысушылар Бухар әміріне қарсы қарулы көтеріліске шақырды. Коммунистер бастаған көтерілісті кіші хиуа ұйымдары, интеллигенция өкілдері, жұмысшылар мен шаруалардың бір бөлігі қолдап шықты. Большевиктер басқарған көтерілісшілер 28 тамызда Чарджоуда Уақытша Революциялық Комитет құрып, оның басқаруымен әмірдің әскерлеріне қарсы соғыс қимылдарын жүргізді. Бірақ, әмірдің әскерлеріне қарсы ұрыстарда көтерілісшілер бірнеше сәтсіздікке ұшырағаннан кейін оның басшылары Мәскеудегі большевиктер үкіметінен көмек сұрады. Осыған сүйене отырып, Түркістан майданының Қызыл Армиясы көтерілісшілерге көмекке келіп, солармен бірге шабуылға көшіп, бір апталық ұрыстардан кейін әмірлік астанасы Бұхара қаласын басып алды. Ал, жеңіліс тапқан әмір Ауғанстанға кетуге мәжбүр болды. 1920 жылдың 6-8 қазанында I Бүкілбухарлық құрылтай өтіп, ол Бухар Кеңестік халық Республикасының құрылғаны туралы жариялады[12,с.122].

Шын мәнінде, осы аталып отырған оқиғалардан кейін пайда болған Хорезм және Бухар Кеңестік республикаларында РСФСР үкіметі мен Қызыл Армияның ықпалымен Кеңес өкіметі орнатылғандай болды, бірақ, оның нығаюына көптеген көптеген оқиғалар мен жылдар керек екені анық байқалды.

Мысалы, 1919-1920 жылдары Қызыл Армияның күшімен орнатылған Кеңес өкіметіне қарсы Орта Азия халықтарының 20 жылға созылған қарулы күресі басталды. Оның белгілі себептері де болды, олар туралы Кеңестік Ресейдің қарулы күштерінің әйгілі қолбасшысы С.Каменев «...Кеңес өкіметінің шаралары шын мәнінде отарлаушылық саясат болды, сондықтан, ол ұлт-азаттық қозғалыстың дамуына әкеп соқты. Қызыл гвардияшылар отрядтарының сорақылық істері басмашылардың көбеюіне әсер етті» - деп көрсеткен[13,57 б]. Осыған орай, бір кезде большевиктер өздерінің қас жаулары ретінде көрсеткен «басмашылар қозғалысы» деген соғыс, шын мәнінде Орта Азия мен Қазақстанның жергілікті халықтарының Кеңес Үкіметінің озбырлық саясатына қарсы бағытталған ұлт-азаттық қозғалыс болғанын мойындайтын уақыт жеткен сияқты.

Өткен 2021 жылы біздің көрші мемлекет Өзбекстанда үкімет арнайы мәселе ретінде қарап, басмашылар қозғалысын большевиктердің өрескел неоимпериялық саясатына қарсы бағытталған халық көтерілісі деп бағалады және басмашылар қозғалысына қатысқандарды саяси ақтады. Осындай әділ шешімді біздің Қазақстанда да қабылдап, біздің жерде

басмашылар қозғалысына қатысқандарға дұрыс саяси баға беріп, оларды ақтау керек екенін атап кеткеніміз жөн болар деп есептейміз.

1920-1921 жылдары большевиктер үкіметі Азамат соғысында жеңіске жетіп, интервенттерге тойтарыс берді. Қызыл Армия жеткен жерлердің көбісінде Кеңес Өкіметі орнады. Осы кезден бастап, Ресей территориясында ұлттық республикалар құрыла бастады, бірақ, олар тек кеңестік республикалар ретінде қалыптаса бастады. Енді РСФСР мен Украин Кеңестік Социалистік Республикасымен қатар: Грузин, Армян және Әзербайжан кеңестік социалистік республикалар пайда болды. Сонымен қатар, Орта Азияда Түркістан Кеңестік Социалистік, Хорезм және Бухар Халық республикалары қалыптаса бастады. Азамат соғысы кезінде автономиялық құрылымдар пайда болды. Мысалы, 1918 жылы Еділ бойында немістердің Еңбек коммунасы, ал 1920 жылы Қырғыз (Қазак), Татар, Башқұрт Кеңестік Автономиялық республикалар және Удмурт, Мари және Қалмақ автономиялық облыстар құрылды[14,с.354].

1918-1920 жылдардағы Азамат соғысы кезінде большевиктер үкіметінің саясаты үш бағытта жүргізілді: біріншіден шетел интервенттеріне, екіншіден ақгвардияшыларға қарсы күрес, үшіншіден үгіт-насихаттық жұмыс және Қызыл Армияның көмегімен ұлттық аймақтарда Кеңес өкіметін орнату болды. Азамат соғысында жеңіске жеткен Кеңес үкіметі осы проблемаларды толық шешіп, Коммунистік империяның негізін қалауға кірісті.

Бірақ, большевиктер кейінгі кезеңдерде де Кеңес Одағы құрылғаннан кейінгі жылдары Азамат соғысы уақытындағы ұлттық аймақта жүргізген саясатын, коптеген оқиғаларды қайталап отырды. Мысалы, 1939 жылы тәуелсіз Финляндияны жаулап алу үшін КСРО басшылары мәскеудегі фин коммунистерінен «Халық үкіметін» құрып оларға көмек ретінде Финляндияға шабуыл жасады. Ол, әйгілі 1939-1940 жж. кеңес-финлянд соғысына апарып соқты. Бұл соғыста жеңіске жете алмаса да Кеңес Одағы Финляндияның төрттен-бірі территориясын өзіне қосып алды[15,с.3].

Дәл осылай 1940 жылы Кеңес Одағының басшылары билікке ұмтылған жергілікті коммунистердің сұрауымен Балтық жағалауындағы тәуелсіз Латвия, Литва және Эстонияда заңды үкіметтерін құлатып, коммунистерден «құыршақ үкіметтер» құрып, солардың сұрауы бойынша Прибалтиканы Кеңес Одағына қосып алды[16,с.186].

Екінші Дүниежүзілік соғыс кезінде де Кеңес Одағы жергілікті коммунистердің көмек сұрағанын сылтауратып: Шығыс Германия, Польша, Чехословакия, Венгрия және Румыния сияқты мемлекеттерде өзіне бағынышты режимдерді билікке жеткізді[17,с.278].

Кейбір оқиғалар тарихта қайталанып отыратыны белгілі жағдай. Мысалы, 1991 жылдан кейін өзін Кеңес Одағының мұрагерімін деп жариялаған Ресей, сол құрдымға кеткен КСРО саясатын жалғастырып отырғанына қазір көзіміз жетіп отыр. Өздері тәуелсіз Украинадан Қырым түбегін бөліп алып, және Украина мемлекетінің оңтүстік-шығыс жерлерінде «құыршақ» Луганск және Донецк республикаларын құрған Ресей, енді солардың сұрауымен тәуелсіз демократиялық Украин еліне басып кіріп, агрессиялық соғыс жүргізіп жатыр. Өзін «орыс фюрері» деп сезінген Ресей басшысы В.Путин бір кездегі белгілі саяси тәсілдерді қолданып бұрынғы КСРО кеңістігінде пайда болған тәуелсіз мемлекеттерді бағындырып, қайтадан Ресей империясын жандандыру үшін, неоимпериялық шовинистік саясатты ашықтан ашық жүргізіп отыр.

Және осы саясатты жүргізу үшін, Ресейдің ақпарат органдары тапсырма алып, осы неоимпериялық «Орыс әлемі», деген концепцияны бүкіл әлемге тарату әрекетін жасап жатыр. Бұл реакциялық концепцияның Ресеймен көршілес ТМД халықтарына қарсы бағытталып отырғанын байқау қиын емес. Солтүстіктегі көршіміздің неоимпериялық саясатының жалғыз ТМД елдері ғана емес, бүкіл әлемге өте қауіпті болып тұрғанын атап кету керек деп ойлаймыз.

Бір кездері Гитлерді ауыздықтай алмаған Батыс мемлекеттері өздерінің сол кездегі қателерін қайталап, Путин сияқты диктатордың саясатына қатал жауап бере алмай, өздерінің дәрменсіздігін көрсетіп отырғанын байқап отырмыз.

Тек, бүкіл адамзат қауымдастығы болып Ресейден шыққан қауіпті тоқтатпаса, бұл жағдай Үшінші Дүниежүзілік соғысқа апаруы мүмкін екенін байқау қиын емес, және осылай ойлауға толық негіз бар.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Пособие по истории СССР.-М.: Высш. шк., 1987.-735 с.
2. История СССР. Эпоха социализма. Уч. пособие.-М.: Просвещение., 1977.-558 с.
3. История Казахстана. Пособие.-Алматы.: Казинтеграф., 1988.-109 с.
4. История СССР. Эпоха социализма. Учеб. Для вузов.-М.: Высш. шк., 1985.-479 с.
5. Советский энциклопедический словарь.-М.: Советская энциклопедия, 1985.-1600 с.
6. Островский В.П., Уткин А.И., История России XX век. Учебник.-М.: Дрофа, 1995.-512 с.
7. Верт Н. История Советского государства. 1990-1991: Пер. С франц. – 2 изд. – М. : Прогресс-Академия, 1995 – с. 544.
8. Большая Советская Энциклопедия (в 30 томах), т.26.-М.: Советская Энциклопедия, 1977.-622 с.
9. Тұрсын Х.М. Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және Түркістан Мухтарияты.- Алматы.: Нұрлы Әлем баспасы, 2006.-128 б.
10. Адамбеков Б.К. XX ғасырдағы Ресей империясы, Кеңес мемлекеті және ТМД тарихы. Оқу құралы: Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2005-344 б.
11. Берхин И.Б. История СССР.(1917-1978). Учеб. пособие для вузов по спец. «История».-М.: Высш. шк.,1987.- 704 с.
12. История СССР. Эпоха социализма. Учебник. Под ред. Ю.С.КукушкинаМ.:Высшая школа,1985.-479 с.
13. Адамбек Б.К. Кеңес Одағының тарихы. (1971-1991). Қарағанды: КарМу баспасы, 2018.-244 б.
14. Новейшая отечественная история. XX век. Учебник для студ. высш. учеб. заведений в 2 кн.- М.: Владос, 2004. –кн. 1.- 447 с.
15. История внешней политики СССР в двух томах. Том I, М.:»Наука», 1986.-535 с.
16. История СССР. Учебник. В 2-х частях. Часть II. Под ред. Н.Артемова.-М.:Высш. школа, 1982.-351 с.
17. Новейшая история Отечества. XX век. Учебник. В 2-х томах.-т.2. Под ред. А.Киселева.М.: Владос, 1998.-448 с.

ҰЛТ КӨСЕМІ - ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН

Игембаев Р.К., тарих пәнінің мұғалімі
«Ю. А. Гагарин атындағы мектеп-лицейі» КММ
Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақадыр кенті

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын негізге ала отырып, ұлттық құндылықтарға, ұлттық кодты, ұлттық сананы Қазақстанның қазіргі және болашақ даму жолында, Отан тарихына оралуға мәжбүрміз. Сонымен қатар тарихымызға қарауда басқа қырлары мен сырларына назар аударған жөн. Оның басты түрткілердің бірі Қазақ тарихын оқытуымен зерттеу аспектілеріне назар аудартады. Әрине, Қазақстан тарихын оқытуда және оқуда, зерттеуде өзіндік пробелдары баршылық оларды тізбектеу үшін бір мақала аздық етеді.

«Рухани жаңғыру»- дегенде, әлбетте мемлекеттік, ұлттық идеология, ұлттық сананың жаңғыруы жарық етіп алға шығады.

Ұлттық сана

Ұлттық құндылық